

Бекетова.Ж  
29.12.2021  
Иса.И

«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

**«Қош келдің , жаңа жыл!»**

Орындаған: Бекетова.Ж  
Иса.И

2021 ЖЫЛ

## «Қош келдің, Жаңа жыл!»

**Тәрбиеші:** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы  
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды  
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді  
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін  
Бәрімізге мына жыл арайлы !  
Құтты болсын ағайын!  
Жаңа жылың тағы да  
Қол соғып қарсы алайық  
Шақырайық ортаға  
Ертеңгілік басталсын  
Балаларды ортаға!  
(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)  
(музыка қосылады Сикыршы шыр айналып кіреді)

**Сикыршы:** Жаңа жыл келді  
Азаймасын ән мен жыр  
Ел көңілін көтерсін  
Құтты болсын Жаңа жыл!  
Құттықтаймыз сіздерді!  
Тезірек, тездетіп, мұнда жиналындар  
Басталды Жаңа жылдық корнавал .  
Маска да бар, би де бар, асығындар  
Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды  
Басталды, басталды Жаңа жылдық корнавал  
Корнавалдың иелерін қарсы алындар!

**Сикыршы:** Бәрекелді , жарайсындар!  
Қарандаршы , айнала неткен керемет, әсем  
мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп-әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз.

Бірақ ,....шыршамыз көңілсіз ,  
Қане менің сикырлы таяғымның көмегімен,  
Сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

**Балалар:** Қуант, бізді, таңырқат  
Шамдарыңды жарқырат! (Зрет)

(шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

**Тәрбиеші:** Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

**Ән: «Шырша жыр»**

**Тәрбиеші:** Ендеше, шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

**Шамшынабар:** Ақ қар жапты даланы  
Ақ жамылды айнала

Жарқыратып шамдарын  
Шырша келді ортаға

**Әлинұр:** Тамаша, тамаша!  
Шыршамыз тұр жараса  
Басында әсем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса

**Көзайым:** Шыршамызда қаншама  
Түрлі – түсті шырақтар  
Күлгін түсті тоқаштар  
Жарқыраған алтын бар

**Атамбек:** Ақ қар жапты даланы  
Ақ жамылды айнала  
Жарқыратып шамдарын  
Шырша келді ортаға

**Тәрбиеші:** Балалар, жарайсыңдар  
Айтыңдаршы жылда  
жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

**Балалар:** Аяз ата, Ақша қар.

**Тәрбиеші:** Қанекей, ендеше бәріміз бірге шақырайық.

**Балалар:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата  
Ақшақар Ау-у-у-у ! (Зрет)

**Аю:** - Здравствуйте , ребята! С Новым годом!

Мен қысқы ұйқыда болатынмын, қатты айқай-шу, тасыр-тұсыр шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір-ақ сөз: «Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді. Машаны да іздеп, осында болар деп келдім.

**Тәрбиеші:** Мәссаған, балалар бұл кім?

**Балалар:** Аю

**Тәрбиеші:** - Иә, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіңдер ғой.  
Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, аюды емес:

**Балалар:** ия  
(осы кезде Маша келеді. Шыршаға таңырқап)

**Маша:** - Керемет .... (деп шыршаның астындағы қорапты тауып алады.  
Аю шауып келіп машаны көтеріп алады).

**Аю:** - Әрең таптым – ау , сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім.  
(деп кетіп бара жатады)

**Тәрбиеші:** Тоқтаңыздар , кетпеңіздер , бізбен бірге болыңыздар!  
(екеуі қуанып балалардың жанына келеді).

**Тәрбиеші:** Балалар , шыршамызға Аяз ата мен Ақшақар жетіспейді.  
Кәні Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

**Балалар:** Қоңырау үні сыңғырла  
Аяз ата , Ақшақар  
Біз сендерді сағындық  
Тез келіңдер ортаға  
Аяз ата , Ақшақар (Зрет)  
(әуенмен бірге Аяз ата мен Ақшақар келеді)

**Аяз Ата:** Құтты болсын , балалар  
Келген жаңа жылдарың  
Аландамай өсіңдер  
Еркелеп қыз , ұлдарым  
Өткен жылы келіп ем  
Бәрінді де көріп ем  
Жыл өткізіп келем деп  
Уәдемді беріп ем  
Ойларың мен бойларың да  
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?  
Ал , мен кіммін айтыңдаршы  
Мені тани алдыңдар ма?

**Балалар:** Аяз ата!

**Ақшақар:** - Сәлеметсіңдерме , балалар  
Жаңа жылдарың құтты болсын!  
Сүйсіндірер маңайды  
Ақшақармын арайлы  
Жалт – жұлт еткен жүзімнен  
Күміс сәуле тарайды  
Ақшақармын аппақпын  
Қалай тыныш жатпақпын  
Менсіз қыстың сәні жоқ  
Әнімін , жырмын , тақпақпын

**Тәрбиеші:** Қош келдіңіздер , баршаңызда , алыс жолдан келдіңіздер  
Әсем әні де , биі де бар  
Отыр ата , сәл дем ал

**Ән:** «Жаңа жыл!»

**Жанел:** Жаңа жылым мол болсын  
Басқан қадам он болсын  
Төрле төрле жаңа жыл  
Бізге құтты жыл болсын

**Санжар:** Жаңа жылда бақшамыз  
Гүлей болып жайнасын  
Аман болсын барлық бала  
Шат – шадыман ойнасын  
Жаңа жыл келді!

**Айлин:** Жаңа жыл Жаңа жыл  
Жаңа жылға жаңа жыр  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр

**Дінмұханбет:** Ақша қар , ақша қар  
Аппақ болып қонасың  
Тоса қалсам қолымды  
Алақанымға толасын

**Алдияр:** Оралдың өлкеме  
Жаңа жыл армысың  
Оранды ақ көрпеге  
Асқар – тау қарлы шын

**Тәрбиеші:** Әуеледі әніміз  
Жаңа кірді сәніміз  
Ақшақарды ортаға алып  
Би билейік бәріміз

**Би: « Ақшақар»**

**Аяз ата:** Жарайсындар , өнерлі екенсіңдер

**Тәрбиеші:** Иә , ата , балаларымыз шеттерінен өнерлі , тапқакты да жақсы айтады

**Әбілмансұр:** Ән айтамыз , би билейміз  
Біз көңілді баламыз  
Шаршауды біз білмейміз  
Тақпақ айтып , би билеп  
Аяз атадан сыйлық аламыз

**Әмина:** Жаңа жыл келгенде  
Қуанып қарсы аламыз  
Аяз ата келгенде  
Билейміз ән саламыз

**Әдемі:** Тілеймін мен бар әлемге  
Дос көп болсын жаңа жыл  
Ата – әже , әке – ана  
Құтты болсын жаңа жыл

**Бексұлтан:** Той , мереке , салтанат  
Думандатты шартарап  
Келді , міне жаңа жыл  
Тартуларын аркалап

**Тәрбиеші:** - Аяз ата Ақшақар,сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?

**Аяз ата:** Ой – бүй , ұмытшақ басым ай , әрине қазір, қазір...  
(барлығына сыйлық )

**Аяз ата:** Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып , алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер.Барлықтарың да ақылды , білімді екенсіңдер.Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емеспе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Аспандарын ашық болсын! Қош болыңдар! (қолдарын бұлғап шығып кетеді)

**Балалар:** Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар , балалар! «Қош келдің ,Жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата – аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын.Отбастарыңызға бақыт пен қуаныш әкелсін!